

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ: ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ БАСЫМДЫЛЫҚТАРЫ

Нәбиев Е.Н., э.ғ.к., профессор;
Ескендір Н.Н., аға оқытушы; Жакина Г.Е., оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағандық., Қазақстан Республикасы

Мақалада Еуразиялық одақтың құрылуы, басымдылықтары, Қазақстан Республикасының еркін сауда аймағы арқасында көптеген елдер арасындағы сауда – саттық жағдайы қарастырылған.

Біртұтас экономикалық кеңістік, ЕурАзЭЖ, Кедендік одақ, интеграция, экспорт, импорт, сыртқы сауда.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ресейлік ғылыми қоғамдастық мүшелерінің алдында алғаш рет жұртшылық назарына «Мемлекеттердің Еуразиялық одағын құру туралы жобаны» ұсынғанына 20 жыл толып отыр.

Қазақстан 2003 жылдың қыркүйегінде Ялтада қол қойылған Біртұтас экономикалық кеңістікті (БЭК) ұйымдастыру туралы Келісімнің қатысушысы болып табылады. БЭК-ке Қазақстанның қатысуы барлық жобаға еуразиялық өлшемге кепіл болды.

ЕурАзЭЖ құру туралы шартқа қол қойылған сәттен бері 13 жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыттың бәрінде ол алдына қойылған міндеттердің бәрін табысты орындап келеді. Өз қызметінің бастапқы кезеңінде – ақ Қоғамдастық кәсіпорындар мен ұйымдар арасындағы іскерлік байланыстардың тереңдеуін қамтамасыз етті. Еркін сауда аймағының арқасында Қоғамдастық құрылған сегіз жыл ішінде ЕурАзЭЖ елдері арасындағы өзара сауда – саттық көлемі төрт еседен астамы өсті. Осы табыстар нәтижесінде 2010 жылдың 1 қаңтарынан Беларусь, Қазақстан және Ресей арасындағы Кеден одағы қызметіне кірісіп, 2011 жылдың 1 шілдесінен ол барлық халықаралық стандарттар бойынша толық пішінді режимде жұмыс істей бастады. Осы кезеңде Қоғамдастықтың бес мүшесінің үшеуі Кеден одағына өтті. Бұл үдеріс тең деңгейлі интеграцияның тұжырымдамасына сәйкес жүзеге асты. Сөйтіп, Кеден одағының толық пішінді жұмысы кооперациялық байланыстардың кеңеюіне, кәсіпорындар мен тұрғындардың шығындарын және қаржысын қысқартуға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Кедендік одағы елдерінен сыртқы сауда айналымының көлемі 2009ж. 16661,5 млн.долл. болса, 2013ж. 24230,9 млн.долл. жетті, яғни 45,4%-ға өсті, ал экспорт – 62,8%-ға, импорт – 98,3%-ға артты (Кесте 1)

Кесте 1. Қазақстан Республикасының Кедендік одақ елдерімен 2009-2013жж. сыртқы сауда айналымының серпіні

млн. АҚШ долл.

Көрсеткіштер	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2013ж %-бен - 2009жж.
1	2	3	4	5	6	7
Сыртқы сауда айналымы	71604,4	91397,5	121241,7	132807,2	131384,3	183,5
ТМД елдері	18849,0	23916,4	30834,6	33530,3	33085,1	175,5
Басқа елдер	52755,4	67481,1	90407,1	99276,9	98299,2	186,3
Кедендік одақ елдерімен барлығы	16661,5	18838,9	23029,1	23888,3	24230,9	145,4
Экспорт	43195,8	60270,8	84335,9	86448,8	82511,8	191,0
ТМД елдері	6781,2	8967,5	11972,3	11417,7	10771,3	158,8
Оның ішінде:						
Ресей	3547,0	5714,9	6998,6	6136,9	5806,5	163,7
Беларусь	54,7	336,9	104,7	91,6	51,7	94,5
Кедендік одақ елдерімен барлығы	3601,7	6051,8	7103,3	6228,7	5863,6	162,8
Басқа елдер	36414,6	51303,3	72363,6	75031,1	71740,5	197,0
Импорт	28408,6	31126,7	36905,8	46358,4	48872,5	172,0
ТМД елдері	12067,8	14948,9	18862,3	22113,6	22313,8	184,9
Оның ішінде:						

Ресей	8896,5	13358,9	15332,0	16959,7	17685,6	198,8
Беларусь	367,1	528,2	593,8	699,9	681,7	185,7
Кедендік одақ елдерімен барлығы	9263,6	12787,1	15925,8	17659,6	18367,3	198,3
Басқа елдер	16340,8	16177,8	18043,5	24245,8	26558,7	162,5

Ескерту: ҚР статистика агенттігінің ресми сайты: www.stat.gov.kz деректерін қолданып автор құрастырған [1].

Интеграциядағы айтарлықтай серпінге 2010 жылы қол жеткізілді. Рекордты қысқа мерзім ішінде – бар–жоғы бір жыл бедерінде – жоғары кәсіби деңгейде Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастыратын 17 негізгі келісімдер пакеті дайындалды. 2012 жылдың 1 қаңтарынан БЭК–ті құрудың практикалық кезеңі басталды, ал ол 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап Еуразиялық экономикалық одаққа айналды.

Еуразиялық одақ тек еркіндік, тең құқықтық, өзара тиімділік қағидаттары мен әр қатысушы елдің прагматикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып құрылып, жұмыс істейді. Тәуелсіздік пен саяси егемендік интеграциялық үдеріске қатысушы барлық мемлекеттер үшін басымдылыққа ие. Еуразиялық экономикалық одақтың экономикалық әлеуеті өте жоғары. Мысалы, одаққа қатысушы үш елдің экономикалық әлеуеті келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

- Қазақ елінің, Ресейдің және Белорустің – жиынтық жалпы ішкі өнімі – 2,2 трлн. долл.;
- өнеркәсіптік өнімнің жалпы көлемі – 1,5 трлн. долл.;
- ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі -12 трлн. долл құрайды;
- жалпы тұтыну нарығы - 170 млн. адам болады.

2030 жылға қарайғы жалпы ішкі өнімнің келешектегі интеграциялық тиімділігі 900 млрд.долларды құрайды [2].

Әлемдік нарықта Қазақстан мен Ресейдің салыстырмалы артықшылықтары өздерінің параметрлері бойынша біраз жақын. Сондықтан олар үшінші елдерге ұқсас өнімдердің әжептәуір көлемін экспорттайды (мұнай, металлдар, рудалар, астық және т.б.). Сол себептен де, Қазақстанның үшінші елдерге экспортының үлесі 90%-ға жуық, ал Кедендік одақ елдеріне бар болғаны 8-9% тиеді. Сол сияқты Ресей де Қазақстанға өз экспортының 3%-ын ғана экспорттайды [3].

Бірақ Қазақстан Кедендік одақ елдерімен саудасында нетте-импорттаушы болды және болып қала береді. Соңғы жылдары Ресей және Беларусь елдерімен сыртқы саудада тұрақты теріс сальдо қалыптасты, ол Ресеймен саудада 2000 жылмен салыстырғанда 12 есеге, ал Беларусьпен – 22 есеге артты.

Кедендік одақ елдерімен екі жақты сауданың артықшылықтары мен кемшіліктері келесілерді көрсетеді, яғни Қазақстанның негізгі салыстырмалы басымдылықтары шикізат пен бірінші өңдеуден өткен тауарлар болып табылады, өз кезегінде, Қазақстан түпкі қайта өңдеу тауарлары және дайын өнімдері бойынша артта қалып отыр. Сондықтан да Қазақстан Кедендік одақ елдерінен басым түрде осы тауарлар топтарын импорттайды (Қазақстан импортының 40%-дан астамын Ресей және Беларусь елдерінің тауарлары құрайды).

Қазақстан үшін Ресей және Беларусь елдерімен саудада абсолютті оң балансқа қол жеткізу басты мақсат болып табылмайды. Қазақстанның үшінші елдерге экспортынан түсетін табыстар, біздің елімізге керекті өнімдерді қиындықсыз Кеден одағы елдерінен импорттауға мүмкіндік береді. Ол өнімдер біздің еліміз үшін қажет, себебі Ресей мен Беларусь елдерінің салыстырмалы артықшылықтары бар өнімдерін Қазақстанда өндіру қымбат және артық шығын қажет етеді.

Бірақ әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігі төмен тауарлар, өзара саудада басым болғанда, табыссыз сауда одақтарының қатесін қайталау тәуекелі барын ескеру керек. Нәтижесінде, өзара сауда өндірушілер үшін маңызды болады, бірақ тұтынушыларға ерекше пайда әкелмейді. Осындай басқа интеграциялық топтардың тәжірибесі, «Екінші сұрыпты» тауарлармен өзара сауданың ұзақ мерзімді келісімі жоқ екендігін және Кедендік одақ елдерінің жалпы бәсекеге қабілеттілігін төмендететінін көрсетеді.

Қазақстанның тарифтері, Кедендік одақтың бірыңғай сыртқы тарифін енгізгеннен кейін өлшемсіз орташа 6,7%-дан 11,1%-ға дейін көтерілді (өлшегеннен кейін құндық көлемдегі үлес салмағын ескергенде 5,3%-дан 9,5%-ға дейін). Бұл жағдайда Қазақстанда тарифтік түсімдерден жиындар артты, бірақ бизнес және тұтынушылар үшін үшінші елдерден импорт бойынша шығындар жоғарылайды, тарифтік ауқым шеңберіндегі ресурстар тиімсіз өндіріс саласы тарапына қарай ығысуы мүмкін. Соңғы қорытындылар көрсеткендей, еуропаның дамыған елдерінен импорт шындығында

қысқара бастады. Сонымен бірге Еуропа одағының және әлемнің басқа да технология жағынан дамыған елдерінен инвестициялық тауарлар импортының қысқаруы, ұзақ мерзімді келешекте еңбек өнімділігінен түсетін пайданы жоғалтуға алып келеді.

Сондықтан, БЭК-тің жалпы сауда саясатының тәсілдерін жаңарту қажет. Бұнда бәсекеге қабілеттілігі төмен ішкі тауар өндірушілерді қорғамай, БЭК-тің әлемдік нарықта бірегей субъектісі ретіндегі жалпы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға бағытталуы тиіс.

Қазақстанның ірі компанияларының БЭК елдеріне экспортының негізін көмір және басқа да минералдық ресурстар құрайды: мұнай, газ және т.б. Олардың экспорты объективті қалыптасқан өндіргіш күштердің орналасуы жағдайында біздің ел үшін ең жоғары тиімділікке жету мүмкіндігімен анықталады. 2012 жылдың қаңтар айында «Ресейдің көмір өнеркәсібін дамытудың 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді бағдарламасы» қабылданды. Оның бағыттарының бірі «Орал мен Батыс Сібірдің жылу электр станцияларында біртіндеп Екібастұз көмірін Кузнецк көмірін алмастыруды ынталандыру» болып табылады.

Бұл жағдай БЭК принциптеріне және Ресей мен Қазақстанның өндірістік кешендерінің өзара оңтайлы әрекет етуіне қарсы келеді. Қазақстанның тоғыз электр станциясы мен өнеркәсіптік кәсіпорындары, және де Ресейдің алты электр станциясы Екібастұз көмірін пайдаланып жұмыс істейді. Сонымен бірге, жобалық Екібастұз көмірін жобалық емес Кузнецк көмірімен алмастыруды таңдау, оның Ресей үшін объективті тиімсіздігін куәландырады.

Жоғарыда келтірілген жағдайлар негізінде келесідей қорытындылар жасауға болады. Әлбетте, біздің елдердің басқару ұйымдарының барлық деңгейлеріндегі, бір елдің ұстанымына байланысты «пайдалы – пайдасыз» деген қалыптасқан көзқарасты, бірыңғай субъект ретіндегі БЭК тұрғысынан қарастыруға, өзгертуге белгілі бір уақыт аралығы керек. Бұл үшін БЭК үкіметінің аналогі ретінде Еуразиялық экономикалық комиссиясымен, барлық БЭК елдерінің бәсекеге қабілеттілігінің мүддесін қозғайтын, басты салалық және секторлық бағдарламаларды келісу керек.

Бұндай мәселелердің басқа салаларда да туындайтыны сөзсіз: Қазақстандық газды Ресейдің газтасымалдау жүйесіне жіберу, Атырау – Самара мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту.

Алматылық кәсіпкерлік қауымдастығының статистикалық мәліметтері бүгінгі күнде Қазақстанның орта бизнесі Ресей мен Беларусь елдерінде нашар орын алғандығын көрсетеді. Ал негізінде интеграциялық келісім шарттар бірінші кезекте осы мәселелерді шешуге бағытталған болатын. Олар әзірге кең ашылған мүмкіндіктерді пайдаланбайды, БЭК – тің қол жетімді сегменттерін толығымен игере алмайды. Статистика деректері көрсеткендей, ресейлік және беларустік компаниялар кедендік шекаралардың жойылу артықшылықтарын белсендірек пайдалануда. Кедендік одаққа кірген кезде Қазақстанның азық – түлік және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу нарығына өте үлкен үміт артылған болатын.

Кедендік одақ қызмет істеген уақыттан бері, Ресейдің орталық өңірлерінің және Сібірдің нарығын игеруге бағытталған көптеген компаниялары, өздерінің өндірістік және шаруашылықтың қызметтерін Қазақстанға ауыстырады. Қазақстанда 5 мыңнан астам ресейлік және бірлескен ресейлік – қазақстандық кәсіпорындар экономиканың әр түрлі салаларында тіркелген. Оның санының келешекте көбейетіндігіне барлық негіз бар. 2011 жылы Ресейдің Солтүстік – Батыс өңірінен Қазақстанға тауарлар транзитінің көлемі 9% - ға өсті. Бұл логистика көзқарасы тұрғысынан толық қисынды емес болса да бұл тауарлардың бір бөлігі Ресей нарығына оралады. Қазақстан нарығының Ресей бизнесі үшін тартымдылығының себептерін қарастырайық. Бұл үдерісті келесі фактор анықтайды [3].

1. Бизнесі тіркеудің қарапайымдылығы: «Doing – Business – 2012» рейтингісінде Қазақстан «Кәсіпорындарды тіркеу» көрсеткіші бойынша 57 – орында, ал Ресей – 111 орында орналасқан.

2. Киото конвенциясында сауда процедураларын үйлестіру және қарапайымдау бойынша ережелерін орындауға бағытталған кедендік құнды әділ есептеу.

3. Салықтың төменірек мөлшерлемесі (қосымша құн салығы Ресейде – 18%; ал Қазақстанда – 12%).

4. Либералды бизнес – ахуал:

«Doing – Business – 2012» рейтингісінде Қазақстан – 47 орында, Ресей – 120.

Меншікті тіркеу: Қазақстан – 29 орында, Ресей – 45.

Инвесторларды қорғау: Қазақстан – 10 орында, Ресей – 111.

Салық салу: Қазақстан – 13 орында, Ресей – 105.

Әлі де болса, қазақстандық шағын және орта бизнестің кәсіпорындары БЭК шеңберінде белсенді емес. Ресей және Беларусь елдері нарықтарында өздерін ірі компаниялар ғана сенімді сезінеді.

Қазақстандық шағын және орта бизнестің ресейлік және беларустік нарыққа енуі өте күрделі. Мәселе реттемеліктер жүйесінің үйреншікті еместігінде ғана емес, Ресейдің тұтынушылық нарығының құрылымының қазақстандықтан өзгешелігінде.

Кедендік одақ және БЭЖ-тің құрылуына байланысты болған экономикалық өзгерістер келесідей көрсеткіштермен сипатталады:

– тауарлар қозғалысын жеңілдететін оң өзгерістер жасалды. 2011 жылы 1 шілдеден бастап Кеден одағының ішкі шекараларында бақылаудың (шекарадан басқасы) түрлері алынып тасталды;

– техникалық реттеу, санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шаралар қолданылуда;

– тікелей шетелдік инвестициялар ағымы 2009 жылы 21,4 млрд. доллар құраса, 2013 жылы 24,1 млрд. долларға жетті, яғни 12,6%-ға өсті;

– Қазақстан аумағында бірлескен кәсіпорындар құрылады: «КамАЗ – Инжиниринг» – Көкшетау қаласында жүк автомобильдерін жасау бойынша; Семей қаласында «СемАЗАҚ базасында «Беларусь» тракторларын және «Агромаш Холдинг» АҚ базасында «Есіл» комбайндарын шығару қолға алынды.

– Қазақстан өндірушілері үшін сату нарығы 10 есе ұлғайды;

– Еліміздің Кеден одағы елдерімен сауда саттық құрылымы, елдердің 2013 жылға көрсеткіші бойынша: Ресеймен – 23,5 млрд. доллар, ал Беларусьпен – 733,4 млн. доллар құрады;

– Кеден одағы елдерінен әкеленетін тауарлардың негізгі үлесі: 17% - ы өңделген өнімдер, ал 83% - ы шикізаттық тауарларға тиесілі.

Кедендік одақ елдерінің тауар өндірушілерінің бірыңғай нарыққа жеткізетін, міндетті түрде Кедендік одақ шеңберінде бірыңғай құжат беріліп сәйкестігін бағалауға жататын, өнімдердің бірыңғай тізіміне кірмеген тауарларды қайта сертификаттау процедурасы өзекті мәселе болып табылады. Қазақстан экспортының көптеген өнімдері ресейдің заңдық нормативтеріне, талаптарына, стандарттарына, тіпті сапалары жоғары болса да сәйкес келмейді. Бұл мәселе Қазақстан экспортының бұл тауар топтарының өсу қарқынына сөзсіз әсер етеді, Қазақстаннан ет – сүт өнімдері, колбасалар, ірімшіктер, алкогольді ішімдіктер, кондитер бұйымдары және тіпті шай да жүйелі түрде әр түрлі шектеулерге ұшырайды. Олар әлде Ресейдің өңірлік бақылау органдарында бұрыннан бар немесе Россанэпиднадзордың өңірлік бөлімшелерімен енгізіледі. Бұл мәселелер ағымдық сипатқа ие және уақыт өте келе өз шешімін табатыны сөзсіз.

Интеграциялық үдерістердің келесі кезеңінде ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің келісілген ұзақ мерзімдік басымдылықтарын және елдердің мамандануын анықтау бойынша экономикалық саясаттарын әзірлеуге көшуі заңды болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақтың таяудағы 15-20 жылдағы даму стратегиясында келесі басымдылықтар қарастырылады:

- 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған Еуразиялық инновациялық-технологиялық өзара іс-қимылдар бағдарламасын әзірлеп, қабылдау;

- Еуразиялық экономикалық одақтың аумағын, бүкіл Еуразия ауқымында, жалпы құрлықтық инфрақұрылымның озық буынына айналдыру;

- жалпыеуразиялық экономиканың негізін қалыптастыратын шағын және орта бизнесті құру;

- Еуразиялық экономикалық одақтың мақсаттарына сай оның құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерін қалыптастыру;

- халықтар арасындағы мәдени-гуманитарлық байланыстардың белсенділігін арттыру.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ЕАЭО-қа Армения Республикасы кірді, ал жақын арада мүше елдер қатарына Қырғызстанды қабылдау жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының Ресеймен, Беларусьпен және Армениямен біртұтас нарықта болды, оған Қытай мен Еуроодақтың қуатты мемлекеттері арасында тиімді көпір болуына жағдай туғызады.

Еуразиялық экономикалық одақ әлемдік экономиканың біртұтас субъектісі ретінде басқа мемлекеттердің қызығушылығын тудыруда. Бірқатар елдер - Түркия, Израиль, Қытай, Вьетнам және Үндістан ЕАЭО-пен еркін сауда аймағы принципі негізінде интеграциялық қатынас жасауға мүдделі екендігін білдіріп отыр.

Қорыта айтқанда ЕАЭО-та тауарлар мен қызметтер, капитал және еңбек күші нарығы ғана құрылып қоймай, сонымен қатар келешекте энергетика, көліктік инфрақұрылым, валюталық қаржылық және т.б. да нарықтар құрылып, қызмет етуі көзделуде.

Бұл Одақта сондай-ақ, мүше елдер экономикасын дамытудың стратегиялық жоспарлары мен келешектері де біріктірілетін болады. Жана бірлестік ғылым және білім салаларындағы

технологиялық, модернизациялық, инновациялық кооперацияның тиімділігі үшін қосымша мүмкіндіктер ашады.

Әдебиеттер:

1. ҚР статистика агенттігінің ресми сайты: www.stat.gov.kz.
2. Назарбаев Н.А. Евразийская интеграция: от идеи к реализации // Каз. правда 29.04.2014.
3. Алпысбаева С.Н. Приоритеты социально-экономической политики Казахстана в условиях Единого экономического пространства. www.economy.kz/about/tezis/Alpysbaeva.rdf

ӘКІМ ТАРАЗИДІҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТАРЫ

Нұрланова Н.Н., филология магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

Әкім Тарази шығармашылығын сөз еткенде оның эссе жанрының шебері екендігіне айрықша тоқталмасқа болмайды.

Автордың «Дән мен қауыз» атты эссесінде – моральдық-әлеуметтік, жарқын тапқыр ойлылығын, өмір саяхатындағы көрген білгенін, сезінген-түйінген, тәжірибелерін жомарттықпен жайып салады. Жалпы эсседе киноөнерінің кешегі және бүгінгі тағдыры арқау болады. Жаңадан экранға бет алған жас режиссерлердің түсірген туындылары сөз етіледі. Сын да айтылады. «Ал, кино болса – жас өнер, бар құпиясы әлі ашылып болмаған өнер, бар мүмкіндігі де әлі толық ашылып болмаған өнер, мүмкіндігі шексіз өнер – болашақтың өнері. Кино тілі – өзгеше тіл, ол тілді екінші бірі менгере бермес, менгере алмас», - деген тұжырымынан анық байқауға болады [1, 243].

Мынау тартыс өмірде кино әлеміне келу, сол әлемнің ағысына ілесіп кету қиынның қиын екендігі айта келіп, Сатыбалды Нарымбетовтың қазақ кино өнеріне қосқан үлесін, оның Сайын Мұратбековтың «Күзгі бұралаң жолы» атты әңгімесінің негізінде экрандық баламасын жасағандығын үлкен әсермен көрсете білді: ««Күзгі бұралаң жолды» оқыған адам фильмді көргенде оқығаның онша өзгере қоймағанын аңғарар, кейіпкерлер де сол Канатай, сол Бибі, сол Жансұлтан, сол Сашко...» [2, 244].

Әкім, Оралхан Бөкеевтің «Мұзтау» атты повесін экранға алып келген Максим Смағұловтың еңбегін де айналып өтпеді. Жазушы фильмді алдымен бір қарағанда қатыгез өмірді, өлімді, жауыздықты, бос қайталауды көргенде түкке тұрғысыз деген ойға тоқталады. Бірақ жоқ ол ойын да өзгертеді. Кітапты бірнеше рет оқығанда ғана автордың не айтпақ ойын түсінесің, сол секілді киноны да сан мәрте көру арқылы автордың жеткізбек ойын түсінуге болады екен деген пайымға келеді.

«Киноның халі қинайды мені» деген атпен жарық көрген эсседе де Тарази тақырыбына сай мазмұнын да жайып салады. Сырт көзге тым керемет көрінетін дүниелердің астынан кір іздеп шынайы халін көрсетіп береді. Кезіндегі аты-шулы Қазақфильмнің қайнап тұрған сәттерін еске ала отырып, бүгінгі күннің қазақ киносының, актерлері мен режиссерлерінің жағдайын ренішпен баян етеді. Эсседе басшылыққа көңіл толмауы, қарапайым актерлердің аш сусыз, киноға түсіп, көзі қарауытқан режиссерлерді көзі көрген жазушы ащы болса да шындық екенін көрсетіп жазады.

«Әдебиет пен өнердің, яғни көркем шығармашылықтың қай дәуірінде болмасын табиғаты тірі, нәзік әрі қаһарлы, әрі өткір идеялық-әлеуметтік – эстетикалық қару екендігі баршамызға аян. Қару болғанда қандай! Идеологиялық майдандағы нағыз зілпұқар семсердің, алдаспан қылыштың дәл өзі» - деп Сайлаубек Жұмабек өзінің еңбегінде атаған болатын [3,143]. Сондай-ақ «Бұл қарудың жұмбақ сиқырын, өлшеусіз қуатын, қиып түсер құдіретін әдебиет пен өнердегі, яғни көркем шығармашылық саласындағы шынайы сарбаздардың шығармаларынан көргенде айқын танылады. Белгілі прозашы және драматург Әкім Тарази сондай сарбаз қаламгерлер санатындағы шымыр суреткер»- деп көрсетеді. Себебі оның қай туындысын алсаңыз да өнердің және өмірлік материалдың тұтасқан құймасын көреміз. Мұның өзі Әкім қаламының қарымын, суреткерлік талғамын, азаматтық позициясын яғни идеялық-әлеуметтік-эстетикалық қаруының мұқалмағанын айғақтайды.

«Өзінің көркемдік зерттеу объектісінен айнамайтын жазушыларымыздың бірі – Әкім Тарази» - дейді, Рымғали Нұрғали өзінің «Сөз өнерінің эстетикасы» атты монографиясында [4,371]. «Оның қаламынан туған әңгімелердің, хикаяттардың, романның, пьесалардың негізгі тақырыптық өрісі – адамгершілік мәселесін қамтиды, дүниеқоңыздық (вещизм), мешандық өзімшілдікпен күрес сарыны –